

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Хамзина Күлишат Бақытжановна,
педагогикалық ғылымдар магистрі, аға оқытушы,
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Аннотация

Мақалада қашықтықтан оқыту технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыруды қалыптастыру мәселесі туралы қарастырылады.

Түйінді сөздер: қашықтықтан оқыту, ғаламтор, технология, ақпарат, компьютер

Аннотация

В статье рассматривается формирование организации учебного процесса по дистанционным технологиям обучения.

Ключевые слова: дистанционное обучение, Интернет, технологии, информация, компьютер

Abstract

The article discusses the formation of the organization of the educational process by distance learning technologies.

Keywords: distance learning, Internet, technology, information, computer

Бүгінгі күннің өзекті мәселенің бірі – қашықтықтан оқыту технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыруды қалыптастыру мәселесі. Мұның айғағы Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс. Бізге оқыту әдістемелерін жаңғырту және өңірлік мектеп орталықтарын құра отырып, білім берудің онлайн-жүйелерін белсене дамыту керек болады. Біз қалайтындардың барлығы үшін қашықтан оқытуды және онлайн режимінде оқытуды қоса, отандық білім беру жүйесіне инновациялық әдістерді, шешімдерді және құралдарды қарқынды енгізуге тиіспіз. Ескірген немесе сұраныс жоқ ғылыми және білім пәндерінен арылу, сонымен бірге сұраныс көп және болашағы бар бағыттарды күшейту қажет» – деп бүгінгі таңдағы мектепте, колледждер мен жоғары оқу орындарында онлайн оқыту жүйесін енгізу басты міндет және заман талабы болып отыр[1].

Қазіргі уақытта заман талабына сай жаңа компьютерлік технологиялар мен ғаламтор қарқынды дамуда, сонымен бірге оқытудың жаңа тәсілдері, әсіресе қашықтықтан оқыту технологиясының қызметі арта түсті. Ең танымал маңыздысы – технологиялардың көмегімен оқыту және оның кең мүмкіндіктері жайлы айтуға болады. Алайда, қашықтықтан оқыту ғаламтор мен компьютерлер пайда болғанға дейін болғанын тарихтан білеміз.

Алғашқы қашықтықтан білім беру курсының негізін салушы – Исаак Питман. Ол 1840 жылдан бастап пошта жөнелтімдері арқылы Біріккен Корольдіктегі студенттерді стенографиямен оқыта бастады. XIX ғасырдың 50-ші жылдарында Германияда ересек адамдарды тілге үйрететін «оқытатын хаттар» пайда болды. Оларды Густав Лангеншайдт жариялады. 1836 жылы Ұлыбританияда Лондон университеті ашылған тұста студенттердің қашықтықтан білім алатын мүмкіндігі болды. XIX ғасырдың 70-жылдары Америкада Анна Элиот Тикнор «Үйден оқытуды қолдау қоғамы» атты ағылшын бағдарламасын негізге ала отырып қашықтықтан оқытуды ұйымдастырды.

Австралияда 1914 жылы мектептен алыс тұратын кіші сынып оқушылары үшін сырттай мектеп ұйымдастырылды. Осыған ұқсас жүйе Канада мен Жаңа Зеландиядағы студенттер үшін қолданыла бастады. 1938 жылы Ұлыбританияда пошта арқылы білім беру бойынша Халықаралық Кеңестің бірінші съезі өтті. 1939 жылы Францияда күндізгі

мектепте оқу мүмкіндігі жоқ балаларды пошта арқылы оқыту үшін қашықтықтан оқыту мемлекеттік орталығы құрылды.

Бүгінгі күні бұл орталық Европадағы қашықтықтан оқытын ең ірі оқу орны болып отыр. 1969 жылы Ұлыбритания Ашық университетінің негізінің қалануы қашықтықтан білім беру жүйесіне елеулі әсер етті: Европа мен Азияның бірқатар елдерінде қашықтықтағы оқыту пайда болды: Испанияда (1972), Пәкістанда (1974), Тайландта (1978), Кореяда (1982), Индонезияда (1984), Индияда (1985) деп жалғаса береді.

XX ғасырдың 60-жылдарына қарай КСРО-да 11 сырттай университет және бірақатар ЖОО-да көптеген сырттай факультеттер болды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін КСРОның бұл әрекеті Орталық және Шығыс Еуропаның басқа да елдеріне үлгі болды. Ресейдегі қашықтықтан білім беруді ресми дамыту 1997 жылдың мамырынан басталды деп санауға болады. Қазақстанда қашықтықтан оқыту технологиясы (ҚОТ) жоғары білім беру және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында 2000-шы жылдардың ортасынан қолданыла бастады. Қазір Білім және ғылым министрлігінің мәліметіне сәйкес, бұл технология еліміздегі 130 жоғары оқу орнының (ЖОО) 71-нде бар (<https://informburo.kz/>).

Сонымен, қашықтықтан білім беру тарихын талдай отырып, оның дамуының үш сатысын атап өтуге болады:

1) Қашықтықтан білім алған «бірінші буынның» пайдаланған құралдары қолмен жазылды және баспа материалдары болды. XIX ғасырдың ортасынан бастап темір жолдар мен пошта арқылы оқу материалдары көп студенттерге жеткізілді.

2) 1969 жылғы Ұлыбританияда ашық университеттің пайда болуы «екінші буынның» басталғандығын көрсетеді. Студенттерді тек басылған материалдармен ғана оқытып қоймай, енді радио және теледидар хабарлары арқылы да білім беру жүзеге асырылды.

3) Қашықтықтан білім берудің «үшінші буыны» ақпараттық және коммуникациялық технологияларды белсенді пайдалануға бағыттылды, ол синхронды, яғни бір уақыттағы бейне-конференциялар және асинхронды режимде, яғни «бір уақытта емес» – электрондық поштаны, ғаламторды немесе телеконференцияларды пайдалана отырып екі жақты байланысқа негізделді. Қашықтықтан білім берудің тарихына көз жүгірте отырып, ғылым мен техниканың дамуына орай оның да қарыштап дамып келе жатқанын байқауға болады.

Ғаламтордың пайда болуы, бірінші кезекте көпшілікке білім беруді әлдеқайда қол жетімді етті. Жоғары да айтып өткен қашықтықтан оқытудың үшінші буын дәуірі басталды, ол ғаламтор-технологияларды белсенді қолдануға негізделген: ақпараттық және коммуникациялық технологиялар. Білім беру туралы ақпарат әр түрлі формада беріледі: мәтін, графика, дыбыс, анимация, видео. Оқытушылар мен студенттердің өзара әрекеттестігі әртүрлі режимде жүреді:

- синхронды немесе онлайн режимінде байланыс бейне және аудио конференцияларда, вебинарларда, чаттарда өтеді

- асинхронды немесе офлайн режимде, оқу процесінің қатысушылары электрондық пошта, форумдарда өзара әрекеттеседі.

Қашықтықтан оқыту ұғымын кең мағынада алсақ, бұл-тыңдаушылар мен оқытушылардың бір-бірінен кеңістікте алыстатылған оқу формасы. Ал, тармағынадағы қашықтықтан оқу ұғымы тыңдаушылар мен оқытушылар арасындағы, сонымен қатар тыңдаушылардың өзара белсенді ақпаратпен алмасуын қарастыратын және жоғарғы дәрежедегі қазіргі жаңа ақпараттық технологияларды (аудио-визуальды құралдар, дербес компьютерлер, телекоммуникация құралдары, т.б.) пайдаланатын белгілі бір тақырыптар, оқу пәндері бойынша ұйымдастырылатын оқу процесі.

Оқытудың ауқымды және жергілікті жүйелерін ойдағыдай пайдалана білудің нәтижесінде білімнің базалық және деректердің банкілік мәліметтеріне, клиент –

сервер, мультимедиа, компьютерді оқып-үйренуші жүйелерге, электрондық оқулықтарға, оқу-әдістемелік материалдарға, қашықтықтан оқыту жүйесінің технологиясымен үйлесімді болып келетін, алдағы уақытта оқыту тәсілдерінің ішінде кең тараған бес аспап әрі өміршең түрлері бола алатындай жайлы оқулықтарға, бағдарламаларға еркін кіруге болады[2, 41].

Қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша оқытушының негізгі міндеті білім алушының келесі түрдегі орындалатын өз бетінше жұмысын басқару болып табылады:

- туындайтын мәселелерді қарастыру;
- мақсат пен міндеттерді қою;
- білім, тәжірибелерді беру;
- ұйымдастыру қызметі;
- білім алушылардың арасында өзара байланысты ұйымдастыру;
- оқу процесін бақылау.

Тыңдаушылар қашықтықтан оқыту кезінде білім беру процесінің негізін қолайлы уақытта, ыңғайлы орындап, тиімді темптегі өз бетінше жұмыс құрайды [3,53]. Сондықтан тыңдаушылар өз бетінше жұмыстың техникасы мен әдістемесін, жоғарғы деңгейде білімді өз бетімен толықтыру негіздерін меңгеруі қажет. Қашықтықтан оқыту нысаны негізгі үш технологиялар бойынша жүзеге асырылуы мүмкін:

Кейс-технология – оқытушы-тьюторлардың дәстүрлі және қашықтықтан консультацияларды ұйымдастыру кезінде мәтіндік, аудиовизуальды және мультимедиалық оқу-әдістемелік материалдарды жинау және оларды пайдаланушылардың өз бетінше меңгеруі үшін жіберуге негізделген.

Кейс технологиясы (ағылшынның case-портфель) оқытуда жасалынған әдістемелік материалдармен іске асырылады.

Кейс-технология арналған материалдар түрлері мыналар:

1. Әдістемелік нұсқалар. Оқу құралдары мен глоссарий. Оқушыларға оқужоспарындағы пәндер бойынша электрондық тасымалдауышта (CD-ROM) оқу-әдістемелік материалдардың кешені (кейс) беріледі. Кешенді даярлауда ұжымдық әдістер, жобалау әдістері пайдаланылады. Мұндай әдістер тыңдаушылардың белсенділігін арттыруға, шығармашылық қабілеттерін белсендіруге

2. Жұмыс дәптері.
3. Анықтама.
4. Оқу, аудио, бейне материалдары.
5. Бақылау және емтихан материалдары.

Қашықтықтан оқытуға арналған кейстердің сапалық қасиеттері:

- курстың терминдер мен ұғымдарына арналған гипертекстік құрылымы;
- пайдаланушыға ыңғайлы құрылым – мұғалім материалды беру реті мен бейне-леудің бірнеше түрін таңдай алады. Сол арқылы бір оқу материалын әр түрлі аудитория үшін әдістемелік қажеттілік болса әр түрлі түрде беру мүмкіндігі бар.

- Кейстің құрамына белгілі бір нормативті талаптар жоқ. Кең таралған документтер мен дыбыс, анимация, графикалық кірістірулер, слайд-шоу пайдаланылады.

- Оқушы оқулықтың кез келген бетін қағазға шығара алады.
- Оқушы оқу материалдарына кез келген әдіспен қол жеткізе алады (Ғаламтор, CD-ROM).
- Оқулыққа кіріктірілген білімді тексеру жүйесі бар.
- Оқулық бетінен Ғаламтор ресурстарына қол жеткізуге болады.

Теледидарлық технология жер үсті, кабельдік және жер серіктік теледидар жүйелерін пайдалануға негізделген.

Желілік – технология бұл білім алушы, оқытушылар, әкімшілік арасындағы интерактивті өзара әсері мен оның оқу-әдістемелік құралдармен жабдықталуын қамтамасыз етуде телекоммуникациялық желіні қолдануға негізделген;

Оқытудың желілік –технологиясына жатады:

- Ғаламтор желісін пайдалану;
- Электрондық поштаны пайдалану;
- Телекоммуникациялық құрылғыларды пайдалану;
- Мультимедиамен жабдықталған, Ғаламторға шығу мүмкіндігі бар желелік компьютерлік класс;

Электронды почта тыңдаушыларға курстың негізгі мәселелері бойынша конфиденциалды хат жазысуға мүмкіндік береді. Электронды почта арқылы ақпаратты жоғары жылдамдықпен жіберу мүмкіндігінің арқасында тыңдаушыға көмек дер кезінде, сұранысты алған соң бірден көрсетіледі. Интернет көмегімен тыңдаушылармен кері байланыс орнатып қана қоймай, олардың оқу қызметін бақылауға, бағалауға болады.

Қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша оқытушының негізгі міндеті білім алушының келесі түрдегі орындалатын өз бетінше жұмысын басқару болып табылады: туындайтын мәселелерді қарастыру; мақсат пен міндеттерді қою; білім, тәжірибелерді беру; ұйымдастыру қызметі; білім алушылардың арасында өзара байланысты ұйымдастыру; оқу процесін бақылау. Тыңдаушылар қашықтықтан оқыту кезінде білім беру процесінің негізін қолайлы уақытта, ыңғайлы орында, тиімді темптегі өз бетінше жұмыс құрайды. Сондықтан тыңдаушылар өз бетінше жұмыстың техникасы мен әдістемесін, жоғарғы деңгейде білімді өз бетімен толықтыру негіздерін меңгеруі қажет. Сонымен бірге нәтижелі түрде оқу үшін жаңа ақпараттық технологияның құралдарымен жұмыс істей білуі тиіс.

Сонымен, қашықтықтан оқыту – адамның білім алуға және ақпарат алуға деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі нысандарының бірі ретінде мамандардың негізгі қызметін атқара жүріп білімін, біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.// Егемен Қазақстан. – 2012, 15 желтоқсан.
2. Журнал «Информатика и образование». – № 7 – 2006 ж. – 41-45 б.
3. Журнал «Информатика и образование». № – 2 – 2006 ж. – 49-57 б.

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ: ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН ТӘЖІРИБЕ

Хамзина Күлшат Бакытжановна,
педагогикалық ғылымдар магистрі, аға оқытушы,
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті
Ермаганбетова Акбота Жаналыковна,
гуманитарлық ғылымдар магистрі
«Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің
№ 17 орта мектебі» мемлекеттік мекемесінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,

Аннотация

Мақалада Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту» мақаласы, қазақ графикасының латын әліпбиіне көшуі туралы қарастырылады.

Түйінді сөздер: Латын әліпбиі, болашаққа көзқарас, қазақ графикасы, алфавит, жаңа түркі алфавиті.